Бекітемін
«Айгөлек» бөбекжай- бақшасының
директоры : Ж.Т. Утепова
«____» _____ 2020 жыл

2020-2021 оқу жылы
«Айгөлек» бөбекжай- бақшасы
Педагогтармен жүргізілетін жұмыстың
жылдық жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Бағыты	Мерзімі
1.	Бейімделу кезінде балаға қалай көмектесу керек (тәрбиешілерге кеңес)	психоағарту	қыркүйек
2.	Асингер тест (қарым-қатынастағы агрессия деңгейін анықтау)	диагностика	желтоқсан
3.	«Жақсы көңіл-күй сыйлайын»	Түзсту-дамыту	қараша
4.	Тәрбиешілердің темперамент типін анықтау әдістемесі.	психодиагностика	қазан
	«Сіз қандай басшысыз?	тест	қазан
5.	Менің мамандығым тәрбиеші	сауалнама	қазан
6.	Тәрбиешілердің тәрбиеленушілермен ата-аналармен қарым-қатынасын анықтау.	Тест.	қазан
7.		алдын алу кеңес беру	желтоқсан
8.	«Бірге ойнаймыз» ата-аналар жиналысы.	Ағарту	қаңтар
9.	Ата-аналарға сауалнама	психодиагностика	ақпан
10.	Ата-аналарға психологиялық кеңес (балабақшадағы ережесі)	Ағарту,кеңес	наурыз
11	Ата-аналарға сауалнама "Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?»	Диагностика	сәуір

Педагог –психолог: К.У.Айжарикова

Хаттама №
«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы»

Сауалнама
Сауалнамаға қатысқандер: Д.Бектурлина , Н. Жотаева
Мақсаты: Тәрбиешілердің тәрбиеленушілермен, ата-аналармен қарым-қатынасын анықтау.
Зерттелген диогностика түрі: сауалнама
Уақыты: 7 минут
Зерттелген күн: 05.10. 20 ж.

Сауалнама барысында :
Тәрбиешілерге 8 сұрақтан тұратын сауалдар беріліп, жауаптар алынды.

1. Жотаева Назира , Бектурлина Динара .

Нәтижелері:

№	Сауалнамалар	Динара	Назира
1.	Сіз топтағы барлық балаларыңызды жатқа танизіз ба? ата-аналарын ше?	иә	иә
2.	Сіздерге баламен жұмыс істеген ұнай ма?	иә	иә
3.	Әр баланың мінез-құлқын білесіз бе?	иә	иә
4.	Сіздің балалармен қарым-қатынасыңыз жақсы ма? ата-аналарымен ше?	иә	иә
5.	Сіздің топтағы балаларыңыз сіздің тіліңізді ала ма? Айтқаныңызды орындай ма?	иә	иә
6.	Сіздің тобыңызда мінезі ауыр болып келетін,тынымсыз көп қимылдайтын немесе көп жылайтын балалар бар ма?	бар	жоқ
7.	Сіздерге берілген жұмыс істейтін орындарыңыз сізді қанағаттандыра ма?	иә	иә
8.	Сіздерді басқарып отырған жұмыс орыныңыздың әкімшілік мүшелері қанағаттандыра ма?	иә	иә

Тәрбиешілердің балалармен жұмыс істеген ұнайтындықтары,әр баланың мінез-құлықтарын білетіндіктері анықталынды.

- Ата-аналармен үнемі байланыста болатыны, өздерінің жұмыстарына жауапкершілікпен қарайтындықтары анықталынды.

Педагог-психолог: Айжарикова К.У

Хаттама №

«Айгөлек» бөбекжай-башасы»

Сауалнама : «Менің мамандығым тәрбиеші»

Мақсаты : Тәрбиешілердің өз мамандығына деген жауапкершіліктерін ,сенімділіктерін, құрметтерін дамыту.

Қатысқан тәрбиешілер: Жотаева Назира, Бектурлина Динара

Қатыспағаны: жоқ

Өтілген уақыты: 12. 10.20 ж.

Уақыты : 7 мин

Сауалнама барысында : Тәрбиешілерге 17 сауалнама сұрақтары берілді, Сауалнамада үш нұсқа берілді.

№		Динара	Назира
1	Педагогикалық жұмысқа Сіз қалай келдіңіз? *1) жақсы көріп, саналы түрде*	+	+
.2	Сіз жұмысты қалай іздедіңіз/таптыңыз? *3) балабақша әкімшілігі шақырды*	+	+
3	Сізде тәлімгер-педагог бар ма? *2) жоқ, бірақ ол маған керек*	+	+
4	Өзіңіздің жеке педагогикалық қызметіңізден кейін Сіздің тәрбиеші жұмысына деген көзқарасыңыз өзгерді ме, егер өзгерсе қалай? *1) өзгерген жоқ* *2) жақсы жағына қарай өзгерді*	+ +	+
5	Бала бақшадағы жұмысыңыздың сапасына қаншалықты көңіліңіз толады? *1) толық қанағаттанамын* *2) қанағаттанбаймын*	+ +	+
6	Сіз балбақша тәжірибесінде қандай проблемалармен жиі кездесесіз: *2)Балабақша әкімшілігінің жұмыс стилі* *3) ата-аналардың тәрбиешіге деген қарым-қатынасы*	+ +	+
7.	Балабақшада жұмыс істеу кезінде сіз жоғары, немес орта оқу орнында алған біліміңіздің тәжірибелік пайдасын жалпы қалай бағалайсыз? *2) аса жоғары емес*	+ +	+
8.	Алдағы бірнеше жылда өзіңіздің педагогикалық мансабыңыздың дамуын қалай бағамдайсыз? *1) жұмыс істеп жүрген балабақшада,тәрбиеші ретіндегі біліктілігімді біртіндеп арттыр* *3) өзге беделді, кәсіби тартымды қызметке ауысу*	+ +	+
9.	Мамандықты ауыстыру туралы ойыңыз бар ма? *2) жоқ*	+	+
10	Сіз топтағы барлық балаларыңызды жатқа танисыз ба? 1)жақсы танимын	+	+
11.	Ата-аналарын ше? 1)жақсы танимын	+	+
12.	Сіздерге баламен жұмыс істеген ұнай ма? 1)Иә	+	+
13	Әр баланың мінез-құлқын білесіз бе? 1)Иә	+	+
14.	Сіздің балалармен қарым-қатынасыңыз жақсы ма? 1)Иә	+	+

15.	Сіздің топтағы балаларыңыз сіздің тіліңізді ала ма? Айтқаныңызды орындай ма? 1)Иә	+	+
	Сіздің тобыңызда мінезі ауыр болып келетін,тынымсыз көп қимылдайтын немесе көп жылайтын балалар бар ма? 1)Иә 2)жоқ	+	+
17.	Сіздерді басқарып отырған жұмыс орыныңыздың әкімшілік мүшелері қанағаттандыра ма? 1)Иә	+	+

Қорытынды:

Сауалнама нәтижесінде бөбекжай тәрбиешілерінің өз мамандығына деген жауапкершіліктерінің бары анықталынды.Әркез өздеріне сенімді өз мамандықтарына құрметпен қарайтындықтары анықталды.

Психолог: К.У.Айжарикова

Хаттама №
«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы»

Диагностика : «Сіз қандай басшысыз?»

Мақсаты: Жеке адамның бойындағы көсемдік ұйымдастырушылық қабілет деңгейін анықтау.

Нұсқау: Сізге 15 сауал қойылады, «иә» немесе «жоқ» деп жауап бересіз.

Зерттелуші: Утепова Ж. Т.

Зерттелген диогностика түрі: тест

Уақыты: 10 минут

Өткізілген күні: 28.10.20 ж.

Диагностика барысында

Берілген сауалдарға жауап беру тапсырылды.

1. Сіз кішкентайыңыздан ешкімге бағынбауға тырысатын ба едіңіз? **Иә**
2. Жақсы басшы болмаса тірлік алға баспайды деп ойлайсыз ба? **Иә**
3. Нағыз еркек ол әйел адамды бағындыра алатын адам деп санайсыз ба? **Иә**
4. Сізді біреу қорғап жүрсе, сізге ұнайды ма? **Иә**
5. Әйел адам бәріне көну керек деп санайсыз ба? **Жоқ**
6. Сіз туысқандарыңыз үшін алаңдайсыз ба? **Иә**
7. Көп қиындықтар жақсы бастықтың жоқтығынан болады деп ойлайсыз ба? **Иә**
8. Қиын жағдайда шешім қабылдау үшін сізге көп уақыт керек пе? **Иә**
9. Басқаруды талап ететін жұмысты ұнатасыз ба? **Жоқ**
10. Ашық сөйлескенді ұнатасыз ба? **Иә**
11. Тыныш, оқиғасыз өмір сүргенді ұнатасыз ба? **Иә**
12. Бағынатын адам бастықтың айтқанының бәрін істеу керек деп ойлайсыз ба? **Жоқ**
13. Сізге біреуден бір нәрс сұрау қиын ба? **Иә**
14. Бәрі түсінікті болса да, қосымша түсіндіруді қажет ететін жағдай болады ма? **Иә**
15. Сіздің мінезіңіз жанұядағы беделді, соның сөзін тыңдайтын адамның мінезіне ұқсайды ма? **Иә**

Қорытынды: Ұсынылған әр сауалдың «иә» деген жауапқа 10 ұпай, ал «жоқ» деген жауапқа 5 ұпай беріледі.

Сіздің жинаған ұпайыңыз - 135 ұпай.

100-150 ұпай: Сіз ұлы директорсыз, өз айтқаныңызды істете аласыз, жақсы ұйымдастырушы және басшы бола аласыз, бірақ ешкімге демалуға мүмкіндік бермейсіз.

Ұсыныс. Әрбір жұмыскерлеріңіздің өзінің психологиялық денсаулығына, эмоционалды тұрақтылығына көңіл бөліп жағдай туғызу;

Зерттеуші: Педагог-психолог: Айжарикова К.У

Ұсыныс:

1. Жүргізілген әдістемелердің қорытындысы бойынша нәтижені басшылыққа ала отырып, дербес ерекшеліктерін ескерсе.

Зерттелген күні: 16. 10. 2020 ж.
Зерттеуші: Педагог-психолог: Айжарикова К.У
Зерттеуші қолы:

Хаттама №

«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы»

Диагностика : Темперамент типін анықтау әдістемесі
Мақсаты: Темпераментін анықтау.
Нұсқау: Берілген пікірлердің ішінен өзіңізге тән дегенін белгілеңіз.
Зерттелуші: Утепова Ж. Т.
Зерттелген диогностика түрі: тест
Уақыты: 10 минут
Диагностика барысында
- үлгі парақтары таратылады.
- диагностика түсіндіріледі.
- Нұсқау бойынша бағыт-бағдар беріледі

Берілген сұрақтардан өзіне сәйкес келетін мінез түрлерін белгіледі.

р/с	Тәрбиешілердің аты-жөні	сангвиник	флегматик	меланхолик	холерик
1	Утепова Ж.Т		+		

Нәтижесінде: ***Темпераменттің кілті***
Әр нұсқаға «1» ұпай беріледі.
«А» - Холерик – *ыстыққанды*
«Б» - Сангвиник - *жеңілқанды*
«В» - Флегматик – *суыққанды*
«Г» - Меланхолик – *ауырқанды*

Қорытынды:
В -Флегматик - Суыққанды

Флегматик - Енді біреулері сақ байыпты, байсалды, ынтымақшыл келеді. Әр ісін ойлап істейді, тұрақты бірқалыпты жүреді, орынсыз асып-саспайды. Бір істі бастаса, оны аяқсыз қалдырмайды. Мінезі ауыр, көрсеқызар емес, қимыл-қозғалыстары шапшан.

Бұл **флегматик** темпераментінің өкілі.

Істі ойланып, төзімділікпен істейді.Жинақылықты , қалыпты жағдайды ұнатады.Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді.Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді.Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау,тез ойланып жауап беру. Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және ұзақ мерзімге. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, ал орынсыз сөйлемейді. Көңіл-күйі тұрақты. Олардың байыптылығы мен байсалдылығы өмірге деген көзқарасынан да көрінеді. Флегматикті ызаландыру немесе эмоционалды әрекет жасау оңай емес, ол ұрыс-керістен аулақ жүреді, оны әртүрлі қиыншылықтар тепе-теңдігінен шығармайды.

Хаттама №

«Айгөлек» бөбекжай-балабақша» тәрбиешілері

Диагностика : Тәрбиешілердің темперамент типін анықтау әдістемесі
Мақсаты: Тәрбиешілердің темпераментін анықтау.
Нұсқау: Берілген пікірлердің ішінен өзіңізге тән дегенін белгілеңіз.
Барлық қатысқан тәрбиеші саны: 3
Зерттелген диогностика түрі: тест
Уақыты: 10 минут
Диагностика барысында
- үлгі парақтары таратылады.
- диагностика түсіндіріледі.
- Нұсқау бойынша бағыт-бағдар беріледі

Берілген сұрақтардан өзіне сәйкес келетін мінез түрлерін белгіледі.

р/с	Тәрбиешілердің аты-жөні	сангвиник	флегматик	меланхолик	холерик
1	Утепова Ж.Т		+		
2	Бектурлина Д. Қ		+		
3	Жотаева Н.Т		+		

Нәтижесінде: ***Темпераменттің кілті***

Әр нұсқаға «1» ұпай беріледі.

«А» - Холерик – *ыстыққанды*
«Б» - Сангвиник - *жеңілқанды*
«В» - Флегматик – *суыққанды*
«Г» - Меланхолик – *ауырқанды*

Қорытынды:

В -Флегматик - Суыққанды

Флегматик - Енді біреулері сақ байыпты, байсалды, ынтымақшыл келеді. Әр ісін ойлап істейді, тұрақты бірқалыпты жүреді, орынсыз асып-саспайды. Бір істі бастаса, оны аяқсыз қалдырмайды. Мінезі ауыр, көрсеқызар емес, қимыл-қозғалыстары баяу.

Бұл **флегматик** темпераментінің өкілі.

Істі ойланып, төзімділікпен істейді.Жинақылықты , қалыпты жағдайды ұнатады.Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді.Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді.Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау,тез ойланып жауап беру. Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және ұзақ мерзімге. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, ал орынсыз сөйлемейді. Көңіл-күйі тұрақты. Олардың байыптылығы мен байсалдылығы өмірге деген көзқарасынан да көрінеді. Флегматикті ызаландыру немесе

эмоционалды әрекет жасау оңай емес, ол ұрыс-керістен аулақ жүреді, оны әртүрлі қиыншылықтар тепе-теңдігінен шығармайды.

.

Флегматик- Эмоциялық қозуы әлсіз болады, қызуланып желікпейді, елеуреп ашуланбайды, көңіл күйлері байсалды, орнықты қалпында ұзақ сақталады, баяу өзгереді, жарқырап қуануы да, жабырқап қайғыруы да қиын, аз қозғалады, сылбыр қимылдайды. Сезім күйлерін дене қимылдары білдіріп тұрмайды, мимикасы өзге қимылдары мәнерсіз. Бір сарынды сөйлейді, кісімен араласып жақындасуыда мардымсыз, іске ырғалып – жырғалып барып кіріседі.

Ол байсалды, баяу, орнықты болады. Кісіге үйірлігі аз, өзі ешкімге тиісіп соқтығыспайды. Біреу жан – жалға шақырса, есебін тауып жалтарып кетеді. Тыныштықты жақсы көреді. Көңіл көтеретін сауыққа да әуес емес. Бөтен кісіге міндет артып өкпелемейді.

Ұсыныс:

1. Мұғалімдер жүргізілген әдістемелердің қорытындысы бойынша нәтижені басшылыққа ала отырып, дербес ерекшеліктерін ескерсе.

2. Жеке түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

Зерттелген күні: 16. 10. 2020 ж.
Зерттеуші: Педагог-психолог Айжарикова К.У
Зерттеуші қолы:

Хаттама №

«Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы»
Диагностика : ***Асингер тесті*** ***(қарым-қатынастағы агрессия деңгейін анықтау)***
Мақсаты: А.Асингер тесті адам қарым-қатынаста өзін-өзі жеткілікті басқара алады ма, олармен дұрыс қарым-қатынасқа түсе біле ме соны анықтайды.
Нұсқау: Әр вариантың реттік саны, оның ұпай саны болып табылады.
Зерттелуші тәрбиешілер: Жотаева Н.Т, Бектурлина Д.Қ.
Зерттелген диогностика түрі: тест
Уақыты: 10 минут
Зерттелген күн: 18.12. 20 ж.

Диагностика барысында
Тәрбиешілерге 20 сұрақтан тұратын сауалдар берілді.

1. Жотаева Назира – 39 ұпай
2. Бектурлина Динара - 38 ұпай.

Нәтижелері:

45 және одан жоғары ұпай: сіз шамадан тыс агрессиялысыз, сонымен қатар тұрақсызсыз, басқаларға қатыгездеусіз. Сіз өз әдістеріңізге сеніп басқару «шыңына» шығып, басқалардың мүддесін құрбан ете отырып, жетуге тырысасыз. Сондықтан, сіздің қызметтеріңіздің жақтырмаушылығы сізді таңқалдырмайды, бірақ сәл мүмкіндік туса сіз оларды, жазалау мүмкіндік жібермейсіз.

36-44 ұпай: **Сіз мөлшерлі түрде агрессиялысыз, бірақ өмір жолында сәтті жүрсіз, себебі, шыншылдық пен өзіңізге сеніміңіз мол.**

35 және одан аз: Сіз өз күшіңізбен, мүмкіндіктеріңізге жеткілікті сенбейсіз, достықты сүйесіз. Бірақ бұл сізді кез-келгеннің артынан жүгіреді деп айтуға жол бермейді. Өз бетіңізше кішкене шешім қабылдауда батылырақ болыңыз

Ұысныс:
Қарым-қатынаста мазасыздық, үрей, агрессия, өзін-өзі жеткілікті басқара алады ма, олармен дұрыс қарым-қатынасқа түсе білу мүмкіндіктерін дамыту;

- Ұжымдық ахуалды нығайтса, тәрбиеленушілермен , ата-аналармен үнемі байланыста болса бұл көрсеткіштер төмендер еді.

Педагог-психолог: Айжарикова К.У

Тренинг хаттамасы

Тақырыбы: «Жақсы көңіл-күй сыйлайын»
Мақсаты: Балабақшадағы педогог, қызметкерлердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру. Өздеріне құрметпен қарау. Ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату арқылы адамгершілікке, достыққа, өзара түсінушілікке, көңілді, мейірімді ұйымшыл болуға баулу.
Қатысқан педагог- тәрбиешілер: Ж.Т.Утепова, Н.Т. Жотаева, Д.Қ.Бектурлина
Өткізілген күні: 27.11.2020 ж.
Өткізу әдісі: Балабақшаның педогог қызметкерлеріне арналған психалогиялық тренинг.

Балабақшамызда педагогтер мен жұмысшы қызметкерлерге арналған «Жақсы көңіл-күй сыйлайын» атты психологиялық тренинг өтті. .
Барысы: Қадірлі әріптестер, бүгін сіздердің психикалық көңіл-күйлеріңді көтеруге, өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналған тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырымын.

Қазіргі заманда ұстаз, тәрбиешіден құрметті маман жоқ. Бұл қиында қызықты мамандық. Ал, қазіргі заман талабына лайықты,білімді, ғылыми жаңашылдықты, өнер мен саясатты білетін ұстаз, бұл- «шебер ұстаз» делінеді.

1. «Танысу жаттығуы» Ойынға қатысушы амандасу ретінде бір-бірінің көңіл-күйлерін сұрайды. Жаттығуғу қатысушылар өз есімдерімен таныстады. Есімдерінің қойылу тарихын әнгімелеп береді.

Жаттығуға қатысушыларға тест жүргізіледі.**«Сіз мейірімді адамсыз ба»?**
Мақсаты: Әркім-ақ өзін «кеңпейілді», «мейірімді адаммын»- деп, есептейді немесе сондай жандардың қатарында болғысы келеді. Кімнің болсын өзі туралы жақсы ойлауға қақысы бар емес пе? Бірақ шын өмірде қандайсыз, міне мәселе осында. Қазір сіздің қаншалықты мейрімді екеніңізді байқап көрелік. Берілген сұрақтарға ия немесе жоқ деп жауап беріңіз.

3. Психолог: **Тест ұсынады. «Қандай ағашты таңдайсыз»?**
Мақсаты: Әркім өзінің қандай екенін білу үшін
Барысы: Суреттегі ағаштардың бірін таңдап алыңыз. Әрине қайсысы көзіңізге ерекше түсті, соның реттік санына қараңыз. Егерде суреттегі ағашты таңдап болсаңыз, өзіңіз жайлы психалогикалық тест жауабымен танысыңыз. Сіз қандай екенсіз? 1) Ойлануға арналған жаттығулар.
Мақсаты: Бір-бірімізді жақын тану үшін бір-бірімізді көзіміз арқылы сипаттау.
Барысы: Ойынға қатысушылар екі жұптан бөлінеді. Екі жұп бір-бірінің көз жанарына үңіліп қарау арқылы бір-бірін сипаттайды.
Мысалы: Айгүл сенің көзің күлімдеп тұр. Айнұр сенің көзің ойлы көз,- деген мағнада,